

«Білім айнасы» 2022 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы қараша 2022 ж. №11 (1049-журнал)  
Приложение к газете «Білім айнасы» ноябрь 2022 г. №11 (1049-журнал)**

*Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.*

*Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.*

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.*

*Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.*

**Аты:** «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

**Название:** Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

**Тілі:** қазақша, орысша.

**Язык:** казахский, русский.

**Негізгі тақырыптық бағыты:** білім саласына арналған танымдық газет.

**Основное тематическое направление:** научно-познавательная газета для образовательной сферы.

**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы

**Территория распространения:** Республика Казахстан

*Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.*

*Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.*

**Астана, 2022 жыл**

**Мазмұны:**  
**Содержание:**

1. <b>Әуезханов Ә.Ә.</b> – Қосымша білім беру арқылы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.....	3
2. <b>Кукурика В.В.</b> – «Развитие творческих способностей дошкольников средствами нетрадиционной техники рисования».....	4
3. <b>Тулеева С.Е.</b> – Абай – дана, Абай – дара қазақта.....	8
4. <b>Чунетова Ж.Ж.</b> – Білікті генетик, ұлағатты ұстаз.....	10
5. <b>Шарипова М.Г.</b> – Қадыр әндерін білеміз бе?.....	12
6. <b>Тубитова Д.М.</b> – Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінен үзінді. Алғашқы таныстық.....	15
7. <b>Наркулова Ә.Ж.</b> – Бастауыш сынып оқушылары бойында азаматтық, патриоттық және әлеуметтік белсенділік қасиеттерін тәрбиелеу.....	18
8. <b>Бердимуратова С.А, Жакуова К.А.</b> – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиенің негізі ретінде дәстүрлі құндылықтарға тарту.....	22
9. <b>Нұрманбек А.</b> – Жасыл балдырлар.....	25
10. <b>Айтмуратов З.С., Едресова М.А., Жаксылық А.С., Зиноллаева А.Н.</b> – Введение. Предмет и задачи медицинской биологии и генетики, этапы развития. Уровни организации живого. Фундаментальные свойства живого. Типы клеточной организации.....	27



**Әуезханов Әділбек Әуезханұлы**  
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қызылжар ауылы  
№81 орта мектебінің педагог-психологы  
педагог-сарапшы  
ҚР Қазақ психологиялық қоғамының мүшесі,  
ҚР құрметті азаматы

### **Қосымша білім беру арқылы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу**

Қосымша кәсіби білім беру – білім алушылар мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқыту үдерісі. Адамның танымдық және шығармашылық мотивациясын дамытуды мақсат еткен қосымша білім беру мектептен тыс оқыту мен тәрбиелеу, оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру дәстүріне сүйенеді. Мемлекеттің, қоғамның, оқушылардың мүддесін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылады. Қосымша білім беру педагогтары балалардың отбасынан, мектептен алған білім-тәрбиесін толықтырады, солармен бірлесе отырып бір мақсатты жүзеге асыруға жұмыс жасайды. Сондай-ақ, жеткіншектердің дене-бітімінің сымбатты болуына, ақыл-ойының дұрыс қалыптасуына, рухани-әлеуметтік, моральдық тұрғыда дамуына ықпал етеді. Қосымша білім беру жүйесін дамыту арқылы оқушыға кәсіптік бағдар беруге де болатын ескергеніміз жөн.

Шындығында да, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы ролін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Оқушыларды әр түрлі іс-әрекетке тартатын, қоғамдық пайдалы еңбекке баулитын ең маңызды қосымша білім беру саласының бірі – үйірмелер. Сондықтан оқушылардың сабақтан тыс білім үйірмелеріне қатысуы маңызды. Үйірме арқылы баланың қарапайым қызығушылығы мазмұнды ұйымдастырылған маңызды іс-әрекетпен айналысуға, сол арқылы өзін-өзі дамытып жетілдіруге көмектеседі. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру және кәсіби бағыттау ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Қосымша білім беру ұйымдары балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымының кеңеюіне, жаңа білім, дағды, іскерліктерді игеруіне, көркем – эстетикалық сезімдері мен талғамдарының қалыптасуына, ұжымдық жұмыс дағдыларын игеруге ықпал жасап, кәсіптік бағыт-бағдар береді.

Білім мен тәрбие егіз ұғым демек, білім мен тәрбиені ұштастырып білім нәрімен сусындатқан дұрыс. Тәрбие баланы даму кезеңдерінде адамның рухани өзегін қоректендіруші болып, білімнен бұрын жеткізілуі тиіс, яғни білімге адами және рақымдылық сипат беріліп, ақылды жүрек жылуымен нұрландыру керек. Адамгершілік тәрбиесі ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы болып табылады. Жеткіншектерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу адамгершілік мінез-құлықты бірге тәрбиелеуден тұрады. Олай болса, ұрпағымызды тәртіпсіздік сияқты жаман қасиеттерден сақтандыру үшін оқушыларының бос уақытын дұрыс пайдалана біліп, сабақтан тыс іс-шаралар арқылы адамгершілік құндылық қасиеттерді бойына дарытуымыз қажет. Қосымша білім беру арқылы оқушылардың санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамгершілік тәрбие халықтың сан ғасырлар тарихымен байланысты болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтары

жоғалтпай жалғастырып келеді. Адамгершілік тәрбие негізінен жүйелі болған. Тәрбие отбасынан бастап, ағайын –туыс, көрші-қоланның бәрі араласып, бәрі де халықтың баласына ортақ қамқорлық жасаған. Сондықтан да адамдық құндылықтарды бағалай біліп, ұрпақтан ұрпаққа қалдыру бізге аманат болып қалды. Ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, қыз баланың тәрбиесі, отбасылық тәрбие тәрізді тақырыптарда өткізілетін шаралар арқылы оқушылардың рухани-адамгершілігін қалыптастыру- басты міндетіміз екендігін ұмытпағанымыз абзал.

**Кукурика Виктория Викторовна**

Воспитатель

ГККП ясли-сад «Көктем»

города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау  
управления Акмолинской области

### **«Развитие творческих способностей дошкольников средствами нетрадиционной техники рисования»**

Рисование является одним из важнейших средств познания мира и развития эстетического восприятия, так как оно связано с самостоятельной, практической и творческой деятельностью ребенка.

Цель работы по развитию творческих способностей средствами нетрадиционных техник и приемов рисования: сформировать у дошкольников способности выражать восприятие окружающего их мира, совершенствовать их интеллектуальные и творческие способности, креативное мышление.



В. А. Сухомлинский писал: *«Общение с искусством — одна из больших радостей жизни»*. Дошкольный возраст — это тот период, когда изобразительная деятельность может стать и чаще всего является устойчивым увлечением не только *«особо»* одаренных, но и всех детей. Все дети любят рисовать, когда это у них хорошо получается.

Рисование карандашами, кистью требует высокого уровня владения техникой рисования, сформированных навыков и знаний, приемов работы. Очень часто отсутствие этих знаний и навыков быстро отвращает ребенка от рисования, поскольку в результате его усилий рисунок получается неправильным, он не соответствует желанию ребенка получить изображение, близкое к его замыслу или реальному объекту, который он пытался изобразить. Наблюдения за эффективностью применения различных техник рисования в детском саду приводят к выводу о необходимости использования таких техник, которые создадут ситуацию успеха у воспитанников, сформируют устойчивую мотивацию к рисованию. Использование на занятиях по изобразительному искусству нетрадиционных техник рисования позволяют ребенку преодолеть чувство страха перед неудачей в данном виде творчества. Можно сказать, что нетрадиционные техники позволяют, отойдя от предметного изображения, выразить в рисунке чувства и эмоции, дают ребенку свободу и вселяют уверенность в своих силах. Владея разными техниками и способами изображения предметов или окружающего мира, ребенок получает возможность



выбора. Для развития творчества и систематизации знаний детей дошкольного возраста в рисовании нетрадиционными приемами и техниками воспитатель должен поставить задачи:

1. Учить детей использовать в рисовании разнообразные материалы и техники, разные способы создания изображения, соединяя в одном рисунке разные материалы с целью получения выразительного образа. 2. Развивать эстетические чувства формы, цвет, ритм, композицию, творческую активность, желание рисовать.

3. Учить видеть и понимать красоту многоцветного мира.

4. Формировать у детей творческие способности посредством использования нетрадиционных техник рисования.

5. Воспитывать умение доводить начатое дело до конца, работать в коллективе, индивидуально. Изобразительная деятельность — специфическое образное познание действительности. Из всех ее видов детское рисование изучено наиболее полно и разносторонне. Рисование тесно связано с развитием наглядно-действенного и наглядно-образного мышления, также с выработкой навыков анализа, синтеза, сопоставления, сравнения, обобщения. Работая над рисунком, дошкольники учатся выделять особенности, качества, внешние свойства предметов, главные и второстепенные детали, правильно устанавливать и соотносить одну часть предмета с другой, передавать пропорции, сравнивать величину деталей, сопоставлять свой рисунок с натурой, с работами товарищей. В процессе рисования дети учатся рассуждать, делать выводы. Происходит обогащение их словарного запаса. При рисовании с натуры у детей развивается внимание, при рисовании по представлению — память. На занятиях, по изобразительной деятельности с использованием нетрадиционных техник, у детей развивается ориентировочно-исследовательская деятельность, фантазия, память, эстетический вкус, познавательные способности, самостоятельность. Ребенок использует цвет как средство передачи настроения, экспериментирует (смешивает краску с мыльной пеной, на изображенный предмет цветными мелками наносит гуашь). При непосредственном контакте пальцев рук с краской дети познают ее свойства: густоту, твердость, вязкость. В изображении сказочных образов появляется умение передавать признаки необычности, сказочности. Работа с нетрадиционными техниками изображения стимулирует положительную мотивацию рисуночной деятельности, вызывает радостное настроение у детей, снимает страх перед краской, боязнь не справиться с процессом рисования. Многие виды нетрадиционного рисования способствуют повышению уровня развития зрительно — моторной координации. Например, рисование по стеклу, роспись ткани, рисование мелом по бархатной бумаге. Данные техники не утомляют дошкольников, у них сохраняется высокая активность, работоспособность на протяжении всего времени, отведенного на выполнение задания. Для будущего наших детей это очень важно, так как время не стоит на одном месте, а движется вперед, и поэтому нужно использовать новые развивающие технологии: - лично-ориентированные (*проблемные вопросы и ситуации*); - коммуникативные (*беседа и диалог, расширение и активизация словаря*); - игровые (*оригинальность сюжета, мотивация*); - педагогические (*доверительная беседа, стимулирование, авансирование успеха, пауза*). Принципы построения работы по рисованию:

1. От простого к сложному, где предусмотрен переход от простых занятий к сложным. 2. Принцип наглядности выражается в том, что у детей более развита наглядно-образная память, чем словесно-логическая, поэтому мышление опирается на восприятие или представление. 3. Принцип индивидуализации обеспечивает вовлечение каждого ребенка в воспитательный процесс. 4. Связь обучения с жизнью: изображение должно опираться на впечатление, полученное ребенком от окружающей действительности. Нетрадиционные

техники изображения могут способствовать ослаблению возбуждения слишком эмоционально расторможенных детей. Важно отметить, нетрадиционное рисование, например, игра в кляксы, увлекает детей, а чем сильнее ребенок увлечен, тем больше он сосредотачивается. Таким образом, использование нетрадиционных техник изображения способствует познавательной деятельности, коррекции психических процессов и личностной сферы дошкольников в целом. Многие виды нетрадиционного рисования способствуют повышению уровня развития зрительно-моторной координации. Если чрезмерно активный ребенок нуждается в обширном пространстве для разворачивания деятельности, если его внимание рассеянно и крайне неустойчиво, то в процессе нетрадиционного рисования зона его активности сужается, уменьшается амплитуда движений. Крупные и неточные движения руками постепенно становятся более тонкими и точными. Нетрадиционные техники изображения способствуют развитию познавательной деятельности, коррекции психических процессов и личностной сферы дошкольников в целом. Занятия рисованием очень важны при подготовке ребенка к школьному обучению, благодаря рисуночной деятельности дети учатся удерживать определенное положение корпуса, рук, наклон карандаша, кисти, регулировать размах, темп, силу нажима, укладываться в определенное время, оценивать работу, доводить начатое до конца. Если дети с успехом справляются с выполнением работ в несложных нетрадиционных техниках рисования, можно приступать к изучению сложных техник и приемов. Организация работы нетрадиционными техниками и приемами не трудоемка при наличии художественных материалов, образцов рисунков в нетрадиционной технике рисования, методической базы и соответствующей подготовки самого педагога. Для выполнения заданий нужны определенные средства — оборудование, канцтовары, фонотека (больше классических музыкальных произведений, видеотека, мольберты. Трудности при применении нетрадиционных техник рисования могут заключаться в: - планировании и построении системы занятий с учетом возрастных и индивидуальных особенностей детей; - подборе оборудования и материалов; - применении методов и приемов работы с детьми, исходя из их индивидуальных особенностей; - разработке критериев отслеживания уровня освоения знаний, умений и навыков детей.



Процесс художественно-эстетического, экологического воспитания дошкольников строится на основе формирования у детей знаний о многообразии техник отражения реального мира на листе бумаги с использованием нетрадиционных техник рисования в сочетании с другими методами и приемами обучения и воспитания. Участвуя в творческом процессе, дети проявляют интерес к миру природы, гармонии цвета и форм. Это позволяет по особенному смотреть на все их окружение, прививать любовь ко всему живому. В работе нужно использовать такие формы организации и проведения занятий, как беседы, путешествия по сказкам, наблюдения, целевые прогулки, экскурсии, фотовыставки, выставки рисунков, конкурсы, развлечения. Методы работы: наглядный, словесный, практический. Знания, которые приобретают дети, складываются в систему. Они учатся замечать изменения, возникающие в изобразительном искусстве от применения в процессе работы нестандартных материалов. Обучение с помощью нетрадиционных техник рисования происходит в следующих направлениях: - от рисования отдельных предметов к рисованию сюжетных эпизодов и далее к сюжетному рисованию; - от применения наиболее простых видов нетрадиционной техники изображения к более сложным; - от использования готового

оборудования, материала к применению таких, которые необходимо самим изготовить; - от использования метода подражания к самостоятельному выполнению замысла; - от применения в рисунке одного вида техники к использованию смешанных техник изображения; - от индивидуальной работы к коллективному изображению предметов, сюжетов нетрадиционной техники рисования. Приобретая соответствующий опыт рисования в нетрадиционных техниках, и, таким образом, преодолев страх перед неудачей, ребенок в дальнейшем будет получать удовольствие от работы, беспрепятственно переходить к овладению все новых и новых техник в рисовании. Работая с ребенком, необходимо сотрудничать с их родителями: использовать любую возможность общения для установления доверительных отношений. Провожу для родителей консультации и беседы, занятия, развлечения, дни открытых дверей, интеллектуальные игры. Малыш всему учится в общении с взрослыми, ранний опыт ребенка создает тот фон, который ведет к развитию речи, умению слушать и думать. Общение ребенка в семье, с близкими ему людьми — важнейшее условие его психического развития. Совместно с родителями выпускать праздничные газеты, устраивать различные конкурсы, тренинги, мастер классы, коллективные игры, фотовыставки. Одним из важных средств поощрения и развития изобразительного творчества детей, является выставка детского рисунка. Она очень радует детей и их родителей, ребенок становится успешнее. Такая совместная работа с родителями создает ребенку эмоционально комфортное состояние.

Таким образом, на основе работы в рисовании нетрадиционными техниками и приемами, воспитатель должен развить у детей интерес к нетрадиционным техникам рисования. В результате работы дети должны научиться творчески всматриваться в окружающий мир, находить разные оттенки, приобрели опыт эстетического восприятия. Они должны научиться создавать новое, оригинальное, проявлять творчество, фантазию, реализовать свой замысел, и самостоятельно находить средства для воплощения. Содержание рисунков должны стать интереснее, содержательнее, замысел богаче. Шедевры живут, дышат, улыбаются, а главное, каждый рисунок кажется произведением искусства. Дети должны обрести уверенность в себе, преодолевать страх чистого листа бумаги, начать чувствовать себя маленькими художниками.







**Тулєпова Сауле Ерболатовна**  
 БҚО Жаңақала ауданы  
 Жаңақала ауылы  
 «Мектептен тыс жұмыс орталығы» МКҚК  
 қосымша білім беру педагогы

**Абай – дана, Абай – дара қазақта**

<b>Бөлім</b>	Уақыт
<b>Үйірме атауы</b>	«Тұңғыық» жас ақын клубы
<b>Жас ақын клубы</b>	Қатысушылар саны: 15
<b>Сабақтың мақсаты</b>	Абай Құнанбаевтың шығармашылығына тоқталу, өлеңдерін жатқа оқу, өлеңнің күдіретін ұғыну. А.Құнанбаевтың әдебиеттегі орны ерекше екенін, ақын өлеңдерінің тақырыбы заман шындығын бейнелеу екенін білу.
<b>Дамытушылық мақсаты</b>	Абай шығармаларын оқыта отырып, оқушы білімін жинақтау, қорытындылау. Оқушылардың өз бетінше ізденушілік қабілетін ұштау, тұжырымды пікір айтуға үйрету.
<b>Тәрбиелік мәні</b>	Абай өлеңдерін оқыту арқылы оқушы бойына адамгершілік, эстетикалық, азаматтық, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, жалғандық пен шындықты айыра білуге тәрбиелеу.
<b>Сабақтың түрі</b>	Аралас сабақ.
<b>Сабақтың әдісі</b>	Топтастыру; «Қауырсын қалам», «Үштаған», «Перфокарта», «Челлендж», «Рефлексия»
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Тарих, музыка, әдебиет теориясы.
<b>Сабақтың көрнекілігі</b>	презентация, кітаптар, перфокарталар, жүрекшелер, видеоролик.
<b>Сабақтың барысы</b>	1. Ұйымдастыру кезеңі. а) Сәлемдесу ә) «Қауырсын қалам» ақынның әнге жазылған өлеңдерімен топқа бөлу.
<b>Кіріспе сөз</b>	Абай дана, Ғұламасы ғасырдың Жырларында жабырқау жоқ, жасым мұң, Өлең болып бізге жетті өнегең, Сәулесі боп Өлең деген асылдың Жырларында тұнып тұрған ұлылық, Жабырқасам жаңға құяр жылылық. Абай деген-жұмбақ әлем, биік шың, Болғаным жоқ әлі өзінді ұғынып - демекші, қазақтың бас ақыны, асқан поэтикалық қуаттың иесі, халықтың мақтанышы Абай Құнанбайұлы туралы әңгіме болмақ. Абай – туған елін, жерін, тілін, дінін жанындай жақсы көрген нағыз ұлтжанды дана ақын. Абай қолына қалам алып, ғылым мен білімнің ауыр азабын арқалап, өз халқын өркениетті елдердің қатарына қосуға тырысқан, қазақтың рухын жоғары көтерген дана қолбасшымыз болғандығы баршамызға мәлім. Сондықтан, Абайды ұлттық жазба әдебиетіміздің атасы деп танып білуіміз керек. Өнер-білім жолындағы ізденісін Абай өз бетімен үйрену арқылы дамытады, орысша кітаптарды көп оқиды. 80-жылдардың орта кезінен бастап, Абай ақындық жолға біржола бет



	<p>бұрды.Бұл кездегі оның өлеңдерінің қай-қайсысы болсын-толысқан ой-сананың жемісі.Бұған дейін арагідік жазған өлеңін өз замандасы Көкпай атынан таратып жүрген Абай 1886 жылдан бастап өз атына көшірген.Осы жылдардан бастап Абай өлеңді үзбей жазуға тырысқан. Бірақ ел арасындағы шиленіскен тартыстар оның әдебиетпен бірыңғай шұғылдануына мүмкіндік бере бермеген.</p>
<p><b>Абай Құнанбаев туралы бейнеролик</b></p>	<p><a href="https://youtu.be/pKz8FwzLOW4">https://youtu.be/pKz8FwzLOW4</a></p>
<p><b>«Үштаған» әдісі арқылы ақынның отбасына шолу</b></p>	<div style="text-align: center;">  </div> <p><b>«Көзімнің қарасы» тобы.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Абай қай жылы, қашан, қай жерде туды? /Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев 1845 жылы Семей облысы, қазіргі Абай ауданы, Шыңғыс тауында дүниеге келген./</li> <li>2. Абайдың әкесінің, шешесінің,атасының, әжесінің аттарын атап беріңіз. /Әкесі Құнанбай, шешесі Ұлжан, атасы Өскенбай, әжесі Зере./</li> <li>3. Абайдың неше әйелі болған? Есімдерін ата.(Ділда, Әйгерім, Еркежан)</li> </ol> <p><b>«Желсіз түнде жарық ай» тобы.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Абайдың шын аты кім? «Абай» деп атаған кім? /Абайдың шын аты – Ибраһим. Шешесі Ұлжан– Абай деп еркелетіп атаған./</li> <li>2. Абай қайда оқып, білім алды? /Абай он жасынан қырда мұсылманша оқыған, он үш жасында Семей қаласыдағы мұсылман медресесінде оқыған. Медреседе жүргізілетін дін сабағын оңай меңгеріп, көп кітап оқып, өз бетінше ізденген. Орыс тілін жақсы меңгерген. Жастайынан ел бастауға араласқан Абай қазақтың білгірлері, шешендері, ақындары, жыршылармен жиі кездесіп, өз халқының рухани мәдениетінен ерте сусындайды. Өзі де билер секілді шешен сөйлеуге үйренді./</li> <li>3. Абайдың балалары. (Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан, Турағұл, Мекайіл, Ізкәйіл, Кенже).</li> </ol>
<p><b>«Перфокарта» әдісі арқылы ақын шығармашылығына шолу</b></p>	<div style="text-align: center;">  </div> <p>Аты-жөні:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Абайдың өзің білетін қара сөзінен үзінді жаз.</li> <li>2. Өлеңді жалғастыр; Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,</li> <li>3. Абайдың қай өлеңінен үзінді? Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.</li> <li>4. Абайдың поэмалары қалай аталады?</li> </ol>
<p><b>«Челлендж»</b></p>	<p>Абайдың өлеңдерін жолдау.</p>

<p><b>Жүрекшелер арқылы кері байланыс жасау. Абайдың асыл сөзі</b></p>	 <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сенде бір кірпіш дүниеге <b>«Кетігін тап та , бар қалан»</b></li> <li>2. Білімдіден шыққан сөз <b>(Талаптыға болсын кез)</b></li> <li>3. Атаның баласы болма, <b>(Адамның баласы бол)</b></li> <li>4. Талап, еңбек, терең ой <b>(Қанағат рақым, ойлап қой)</b></li> <li>5. Досыжоқпенсырлас <b>(Досы көппен сыйлас)</b></li> <li>6. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті<b>(ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек)</b></li> <li>7. Өткірдің жүзі, кестенің бізі <b>(Өрнегін сендей сала алмас)</b></li> <li>8. Толғауы тоқсан қызыл тіл <b>(Сөйлеймін десең өзін біл)</b></li> <li>9. Еңбек қылсаң ерінбей <b>(Тояды қарның тіленбей)</b></li> <li>10. Әсемпаз болма әрнеге <b>(Өнерпаз болсаң арқалан)</b></li> </ol>
<p><b>Қорытынды</b></p>	<p>Абай армандаған толық, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал, махаббат пен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю - Абай шығармаларының биік мұраты.</p>

**Чунетова Жанар Жумабековна**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің  
Молекулалық биология және генетика кафедрасының  
оқытушысы, доцент

### **Білікті генетик, ұлағатты ұстаз**

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жан. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осы орайда ұстазымыз Айтқожа Биғалиев туралы тоқталсақ.

Менің көз алдымда ұстазымыздың 20 жыл бұрынғы сабақ берген бейнесі кетер емес. Себебі сабақ бергенде бар шәкіртін аузына қаратып, кез-келген тақырыптың мәнін тереңнен түсіндіретін. Шәкірттері сабағына күтетін. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, университетін шексіз сүйетін адам. Айтқожа Биғалиұлы жалпы Ресейдің Самарск ауданында "Рабочий" совхозында 1942 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін жануарлар генетикасы және селекциясы мамандығы бойынша (үздік) бітірген. 1966-1969 жылдары Ресей академиясында Жалпы генетика институтының аспирантурасын бітіріп, 1970 жылы академик Н.П. Дубининның жетекшілігімен генетика мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған. 1980 жылы Ресейдегі Жалпы генетика институтының диссертациялық кеңесінде «Оценка генетической опасности тяжелых металлов как промышленных загрязнителей окружающей среды» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғаған. Үш тілді еркін меңгерген профессор А. Биғалиев

жалпы және экологиялық генетика саласының маманы, радиация әсерінен пайда болатын мутациялардың фундаментальдық зерттеу жұмыстары арқылы молекулярлық механизмдерін және радиациядан қорғайтын химиялық препараттардың механизмдерін ашқан. 1969 - 1971 жылдары Қазақ ССР ҒА Эксперименталдық биология институтының ғалым хатшысы қызмет атқарған кезде ауыл шаруашылығында малдар хромосомалары бойынша зерттеу цитогенетика әдісін енгізді. Демек, жабайы шошқалармен будандастырып алынған жаңа түрдің хромосома жиынтықтары анықталды, Селекция үшін өте маңызды зерттеулердің бірі болып табылады. Профессор атағын ол 36 жасында 1981 жылы алды. Айтқожа Биғалиұлы өндіріс орындарында генетикалық бақылауды ұйымдастыру жүйесін жасап енгізген. Гендік және хромосомдық мутациялардан қорғайтын препарат (атокоферола - Е витаминінің табиғи аналогы) дайындады.

1971- 1985 жылдар аралығында Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. Осы кезде, цитогенетикалық зертхана ұйымдастырып, қоршаған ортаны ластаушы ауыр металдардың (хром қосындылары) мутагендік және канцерогендік қасиеттерін тұңғыш рет анықтады. Нақты айтқанда, металдар иондарының ДНҚ-сы мен протеиндерге әсерінің молекулярлық механизмдерін ашқан. 1985 - 1991 жылдар аралығында профессор А. Биғалиевті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғылым және жоғарғы оқу орындарының бөлімі Қарағанды мемлекеттік университетінде проректор болды. 1986 жылдан бері Семей полигонының аймағында ядролық сынақтардың генетикаға әсерін бағалау мақсатымен зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Семей ядролық сынақ полигонының аумағында радиация деңгейінің картасын жасаған. Профессор А. Биғалиевтің осы зерттеу жұмыстарының нәтижесі Қарағанды облысының Егіндібұлақ және Қарқаралы аудандарын ядролық сынақтан зардап шеккен территориялардың қатарына кіргізуге ғылыми дерек болып алынған. 1987 жылы аталмыш университеттің ректоры қызметін атқарған. Білім және Ғылым Министрлігінің бұйрығы бойынша «Қоршаған ортаның қауіптілік факторларының әсерін зерттеу» зертханасы ұйымдастырылып, ол тұңғыш рет Семей полигонына іргелес екі ауданының (Қарқаралы және Егіндібұлақ) қоршаған ортасына және тұрғындардың денсаулығына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Профессор А. Биғалиев - белгілі қоғам қайраткері. Ол 1991 жылы ҚР Білім министрінің бұйрығымен әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі экология және топырақтану кафедрасының меңгерушісі қызметіне ауыстырылды. 1992 жылы халықаралық «Невада - Семей» антиядролық қоғам жанынан «Радиация – Экология - Денсаулық» ғылыми комитетін ұйымдастырды. ҚР «Адам және биосфера» атты ұлттық комитеті төрағасының орынбасары, биология факультетінің ҒК мүшесі, «Journal of Ecology (London)» халықаралық журналының редакциялық кеңесінің мүшесі. 1993 жылы университет жанынан экологиялық проблемалары зерттеутін ҒЗИ ашып, 2003 жылы дейін институт директоры қызметін қатар атқарды. А. Биғалиевтің жетекшілігімен “Экология” мамандығы бойынша бакалавриатқа, магистратураға және Phd докторантураға арналған Мемлекеттік білім беру стандарттары, оқу-жұмыс жоспарлары, типтік бағдарламалар жасалып, олар қазіргі кезде еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында қолданылып келеді. «Экология» және «Қоршаған ортаны қорғау және биологиялық әралуандылықты сақтап қалу» пәндері бойынша оқулықтар жазды. «Жалпы экология», «Экологиялық генетика» оқулықтары бар. Профессор республикада биология ғылымының жаңа саласы экологиялық генетиканың дамуына зор үлес қосты. Ол ғылыми зерттеу мектебін ашып биология ғылымының 7 докторын, 21 кандидатын, 2 Phd даярлап шығарды. Проф. Биғалиев 7 монографияның, 300 -ден астам ғылыми мақаланың авторы (оның 50 - астамы ағылшын тілінде). А.Б. Биғалиевтің негізгі еңбектері ТМД көлеміндегі танымал журналдарда жарияланған: «Генетика», «Доклады АН СССР», «Цитология и генетика», шет

мемлекеттердің баспаларында –PANAS (Ұлттық ғылым академиясы еңбектері, АҚШ), ANNE UNIVERSITARY RENN-1 (Ренн-1 университеті еңбектері, Франция), Cambridge Press (Кембридж университетінің баспасы, Англия), Environment and Mutation Research (Қоршаған орта және мутациялық зерттеулер, Франция), Int. J. Surface and Colloid (Жапония), Int. J. Chemistry and Biology (Қазақстан). 1996-2002 ж.ж. Миддлсекс университетінің (Лондон) шақырылған профессоры ретінде қызмет етті. 1996 жылдан Ұлыбритания экологтар қоғамының толық мүшесі. ЮНЕСКО экологиялық білім беру европалық комитетінің 1995 жылдан мүшесі. ЕО-ң ғылыми проекттерді бағалау комиссиясының expertі. Халықаралық ақпараттандыру академиясының (1994 ж.) мүшесі. ҚР Жоғарғы мектебі ұлттық академиясының мүшесі.

Ол 1974 жылы «КСРО Денсаулық сақтау үздігі» төсбелгісімен, 1987 жылы «КСРО Білім беру үздігі» төсбелгісімен, 1990 жылы «ҚР Білім беру үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Сондай-ақ ҚР «Құрмет» орденін иеленсе, ҚР «ЖОО Үздік мұғалімі» грантының иегері атанған сәті де болды. Ұстазымыз биыл 80 жасқа толып отыр. Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Молекулалық биология және генетика кафедрасының ұжымы атынан Айтқожа Биғалиұлы Биғалиевті осы мерейтойымен құттықтап, жанұсына бақыт, табыс, денсаулық тілейміз.

**Шарипова Молдир Гадилболатовна**  
БҚО Орал қаласы  
«№35 «Шұғыла» бөбекжайы» МКҚК  
меңгерушісі

### **Қадыр әндерін білеміз бе?**

*(Қадыр Мырза Әли шығармаларындағы «Сиқырлы әуендер» жобасы бойынша)*

**Мақсаты:** Қадыр Мырза Әли шығармаларын қолдана отырып, педагог – тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің арасында дәріптеу. Ақын әндерін тәрбиеленушімен бірге айтып үйренуге, тапқатарын жаттай отырып, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасының Әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі Қадыр Мырза Әли 1935 жылы 5 қазанда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Қазақ ССР мемлекеттік Сыйлығының лауреаты, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, поэзия пайғамбары, публицист, сыншы, драматург, есімін туған халқының жүрегіне сұлу, сырлы өлеңдерімен өрнектеп жазып кеткен. Құрметті қонақтар, сайысқа қатысушы педагог – тәрбиешілер! Талантты ақынымыз Қадыр Мырзали Әлиге арналған «Қадыр әндерін білеміз бе?» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Осы сайысымызды бастамас бұрын, барлығымыз тұрып Қадыр ақынның «Өз елім» әнін айтып, осы сайысты ашуды ұсынамын.

**Ән: «Өз елім».**(Тәрбиешілер ортаға шығып, сайысты бастау үшін номер суырады)

**Жүргізуші:** Енді ортаға сайысымызға қатысатын топтарды шақырайық:

«**Балдырған**» мектепалды тобы тәрбиешісі Сулейменова Эльмира Сериккалиевна тәрбиеленушісі Нұрболатқызы Ясмина

«**Балбұлақ**» аралас тобы тәрбиешісі Усербаева Гүлмира Елеусиновна тәрбиеленушісі Жален Әбдікәрім

«**Болашақ**» ересек тобы тәрбиешісі Ахметкалиева Айнур Авилханқызы тәрбиеленушісі Абайұлы Сардар

«**Ақкөгершін**» ересек тобы тәрбиешісі Нурегеева Мергүл Жанболатқызы тәрбиеленушісі Қайыржанова Дана

«**Шапағат**» ересек тобы тәрбиешісі Мақсотова Алтынгүл Мақсотқызы, тәрбиеленушісі Уәлихан Айлин.

Қазылар орнықтырар әділдікті  
Кімдердің жауаптары кәміл шықты  
Білім мен тапқырлықтың сайысында  
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

**Әділқазы мүшелерімен таныстыру:**

1. №35 «Шұғыла» бөбекжайының меңгерушісі Шарипова М.Г.
2. №35 «Шұғыла» бөбекжайының әдіскері Калдышева Н.З.
3. №35 «Шұғыла» бөбекжайының педагог – психологы Нургалиева Г.Е.

**Сайыстың шартымен таныстыру:**

**1-кезең: «Қадыр әндері»** ақын әндерін тәрбиеші мен тәрбиеленуші айтады.

**2-кезең: «Әуенді тап»** ақын әндерін музыкасынан танып, жалғастырып, атын атау.

**3-кезең: «Бәйге»** ақынның өлең шумақтарының жалғасын табу.

**1-кезең бойынша «Қадыр әндері» сайысын бастайық:**

1. «Балдырған» мектепалды тобы ән: «Балабақша».
2. «Балбұлақ» аралас тобы ән: «Етікші».
3. «Болашақ» ересек тобы ән: «Қазақ осы».
4. «Ақкөгершін» ересек тобы ән: «Апам үшін».
5. «Шапағат» ересек тобы ән: «Май жыры»

**Би: «Қолшатыр».**

**Жүргізуші:** Бәрекелді, тамаша 2- кезең «Әуенді тап» сайысын бастайық. Ақын әндерін тыңдай отырып, әуенін табу керек.

- 1-әуен: «Хокей».
- 2-әуен: «Мазақтама».
- 3-әуен: «Жалқаубек».
- 4-әуен: «Көңілді қыс».
- 5-әуен: «Жапалақ қар».
- 6-әуен: «Жездеке».
- 7-әуен: «Асыл әжем».
- 8-әуен: «Тамаша».
- 9-әуен: «Өз елім».
- 10-әуен: «Алматының алмасы».

**Ән: «Тамаша»** орындайтын музыка жетекшісі Ажиков М.Н.

**Жүргізуші:** Бәрекелді, керемет, жарайсыздар!!! Енді 3-кезең «Бәйге» сайысын бастайық:

**1. «Күз»**

Күз де келді, күз келді  
Күдерін жаз үзгенді  
Күз де келді, күз келді  
Көкте бұлттар жүзгенді  
Бір жақ ұртым кетті ісіп.  
Күз де келді, күз елді

**5. «Кәмпит»**

Азу тісім ауырды,  
Жатып қалдым бүк түсіп.  
Тауыстым бар сабырды,  
Бір жақ ұртым кетті ісіп.  
Қарындасым монтиған  
Мұны анықтап көрмейді.



Құстар мекен ізденді.  
Күз де келді, күз келді  
Керек оқу бізге енді.

## 2. «Салақ»

Салақ, салақ, салақсың!  
Өз үйіңеқонақсың  
Таза емессің, жолақсың  
Ақ емессің, жолақсың  
Кейде қара күйесің,  
Кейде қызыл далапсың,  
Әй, салақсың, салақсың.

## 3. «Ана тілі»

Ана тілің біліп қой,  
Еркіндігің, теңдігің  
Ана тілің біліп қой,  
Мақтанышың, елдігің  
Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

## 4. «Шаңырақ шуағы»

Жанұяның тірегі әке болсын,  
Шаңырақтың шуағы ана болсын.  
Бар тілекті арнайтын балаңызға,  
Көңіліңіз ғажайып нұрға толсын.

## 8. «Менің атам»

Жүзі жарқын жан ізгі  
Жан бар мекен атамдай!  
Бірақ бала тәрізді  
Тұрады әкем бата алмай

## 8. «Кептер»

Кептер деген осы құс  
Қиын кезде досымыз  
Әрлі – берлі хат тасып,  
Ұшқан талай асығыс  
8. Өзіңе де, маған да  
Сүйкімді ол әманда  
Отырады шатырда  
Жайылады алаңда.

## 9. «Маубас»

Маубас, маубас, маубассың  
Мүлгігеннен танбассың  
Қалғығаннан қанбассың  
Өмірінде осылай  
Ұйықтап жүрсең, оңбассың.

— Ұртыңдағы томпиған  
Кәмпитіңнен бер!— дейді.

## 6. «Менің әжем»

Менің әжем, ақ әжем  
Ұл мен қыздың бағы әжем  
Ертегі айтып бер десем  
Айтып берер тағы әжем  
Менің әжем гүл әжем  
Алтын әжем күн әжем  
Апам үшін мен үшін  
Нағыз ана тілі әжем.

## 7. «Не үшін?»

— Екі көзің не үшін керек?  
— Жақсыларды көру үшін!  
— Екі қолың не үшін керек?  
— Елге көмек беру үшін!  
— Құлақ деген не үшін керек?  
— Ақыл-кеңес тыңдау үшін!  
— Жүрек деген не үшін керек?  
— Жауларымнан қыңбау үшін!  
— Тіл мен жағың не үшін керек?  
— Ақиқатты айту үшін!  
— Ал аяғың?..  
— Шетте жүрсем,  
Туған жерге қайту үшін!

## 11.«Болмайды»

Сабақтан қалуға болмайды,  
«Екілік» алуға болмайды  
Болмайды, болмайды, болмайды.

## 12.«Менің бөпем»

Ойыншықты жұлмалап,  
Қоймасада түгімді  
Жақсы көрем бір ғана,  
Жасқа толған інімді.

## 13 «Жираф пен піл»

Ұзын менің бойым да,  
Ұзын менің мойным да!  
Деді Жираф бір Пілге,  
Әлі өсу бар ойымда.  
Өсіп, досым, бір айда,  
Маған десең, жет Айға!  
Бірақ жерге жетпейтін  
Сол мойыннан не пайда?

## 14. «Сотқар»

**10. «Асығыста»**

Қыртыс-қыртыс ұйпалақ  
Киіп алдым жейдемді.  
Омырауын сипалап,  
Таба алмадым түйемді.  
Бірін таппай түйменің  
Босқа күйіп-пісіппін.  
Асығыста жейдемнің  
Теріс жағын киіппін.

Сотқар, сотқар, сотқарсың!  
Кішілерге шокпарсың,  
Үлкендерге өкпарсың!  
Сотқар болсаң, сотқарбол,  
Бір таяқ жептоқтарсың!

**Жүргізуші:** Қадыр Мырза Әли – балалар ақыны. Ал ақындықтың ішінде балалар ақыны болудан асқан қиындық жоқ. Себебі үлкен адам, есейген адамның бала сезіміне жақындауы қиын. Бала ойымен, бала қиялымен өлең жазу нағыз талантты ақынның қолынан келер. Қадыр Мырза Әли – 200 - ге жуық ән мәтіндерін жазған, әндері халық арасына көп тараған. Өлеңдеріне Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев сынды қазақтың дарынды сазгерлері әндер жазған. Біздің қатысушыларымызға әділ баға беретін әділқазы мүшелеріне сөз кезегін береміз. (қатысушыларды марапаттау)

*Әділқазы мүшелері құттықтап марапаттармен сыйлықтар табыс етті.*

**Жүргізуші:** Қадыр шығармашылығы ғасырдан ғасырға тарих көшімен бірге ілесіп ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып мәңгі жасай бермек. Ақынның тұнықтан жаралған поэзиясы бізге жол көрсетер шырағдан, үлгі тұтар бойтұмар болып қала бермек. Қадыр елі, Қадыр жері – қадыр жырларын ешқашан ұмытпаймыз деп бәріміз бірге осы сайысымызды Қадыр атамыздың «Атамекен» әнімен аяқтайық.

**Ән: «Атамекен».**



**Тубитова Дария Маусановна**

Жетісу облысы Алакөл ауданы

Үшарал қаласы

М.Мыңбайұлы атындағы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

**Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінен үзінді. Алғашқы таныстық**

<b>Бөлім:</b>		<b>Адамгершілік – асыл қасиет</b>		
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:</b>		5.1.3.1 Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу		
<b>Сабақтың мақсаты</b>		Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады <b>Ерекше қажеттілігі бар оқушы /қабылдау деңгейі төмен/ сөз тіркестерін қолдану арқылы шығарма кейіпкерінің образын ашады.</b>		
<b>Сабақтың барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі// уақыты</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурс тар</b>

<p><b>Ұйымдас тыру</b> <b>Өзін-өзі тексеру</b> 3 минут</p>	<p>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда шаттық шеңбері жүзеге асырылады.</p>	<p>Оқушылар ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда шаттық шеңберге тұрып бір-біріне сәттілік тілейді.</p>		<p>Жағымды әсер беретін әуен</p>
<p><b>Өткен білімді еске түсіру</b> 5 минут</p>	<p>«<b>Миға шабуыл</b>» әдісі. Әр топқа суреттер беріледі. Суретке байланысты өткен тақырыпты қайталайды жетек сұрақпен толықтырады. Жетек сұрақтар: 1. Неліктен Қожаға өз аты ұнамады? 2. Майқанова апайдың сөзі Қожаға қалай әсер етті? Қожаның өз-өзіне есеп беруін қалай түсіндірер едің?</p>	<p>1. Қожаның өз атының ұнамау себебін түсіндіреді. 2. Майқанова апайдың сөзінің Қожаға қалай әсер еткенін баяндайды. Қожаның өз-өзіне есеп беруін мысал келтіре отырып түсіндіреді.</p>	<p>Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан оқушыларды мадақтап, ынталандырып отыру</p>	
<p><b>Жаңа білім</b> 5 минут</p>	<p><b>Сабак мақсатымен таныстыру.</b> Сабак мақсатын тақтаға шығарып, оқыту арқылы қандай әрекетке қол жеткізетінін талдаймын. <b>Жұптық жұмысты ұйымдастыру.</b> «Сәйкестендіру» кестесі. <b>1-тапсырма.</b> Шығарма бойынша берілген үзіндінің іс-әрекетіне қарай қай кейіпкерге тән екендігін сәйкестендіріңіз.  <b>«Пазл» әдісі арқылы топқа бөлуді ұйымдастыру:</b> шығарма кейіпкерлерінің портреті пазл түрінде беріледі  <b>Топтық жұмысты ұйымдастыру. «Образды ашу» кестесі</b> 1-тапсырма. Шығармадан</p>	<p>Оқу мақсатына жету үшін үйренетін әрекеттерді анықтайды. Өз алдыларына нақты мақсат қояды.  <b>Жұптық жұмыс.</b> <b>1-тапсырма.</b> Шығарма бойынша берілген үзіндінің іс-әрекетіне қарай қай кейіпкерге тән екендігін сәйкестендіреді. <b>Оқушылардың тапсырманы орындау қадамдары</b> 1. Берілген үзіндіні түсініп оқыңыз 2. Үзіндінің іс-әрекетіне қарай қай кейіпкерге тән екендігін анықтаңыз 3. Сәйкестендіріңіз Сәйкестендіру кестесі беріледі.  <b>«Пазл» әдісі бойынша топқа бөлінеді.</b> Оқушылар бір-бір қима қағазды алып, құрастырады. Қай кейіпкерді құрастырса, топтың аты сол болады. 1-топ. Қожа 2-топ. Дәулет</p>	<p><b>Өзін-өзі бағалау</b> «Дұрыс жауап» нұсқасы бойынша тексеріледі . .  <b>Өзара бағалау.</b></p>	<p>1-топ.  2-топ.  3-топ. </p>



<p>9 минут</p>	<p>кейіпкердің портреті мен маңызды екі іс-әрекетін жазып кейіпкер образын ашыңыз.  <b>Ерекше қажеттілігі бар оқушы/мұғалімнің қолдауымен/</b> суреттер топтамасы мен сөз тіркестері арқылы кейіпкердің портреті мен маңызды екі іс-әрекетін жазып кейіпкер образын ашыңыз  <b>Сөз тіркестері:</b> секпіл бет сары бала, әсем қолаң шашы, қызыл галстук, сары портфель, көк көз, өлең жазады, сабан тойға барады, жеңеді, қымыз береді, алданып қалады</p> <p><b>Жеке жұмысты ұйымдастыру.</b>  <b>«Автор орындығы»</b> әдісі 3-тапсырма. Шығарма мен көркем фильмді байланыстыра отырып, Қожаның образына қатысты өз көзқарасын жазады.  <b>Ерекше қажеттілігі бар оқушыға/мұғалімнің қолдауымен/</b> тірек сөздер беріледі.  <b>Тапсырма.</b> Берілген тірек сөздерді қолдана отырып, Қожаның образына қатысты өз көзқарасыңды жаз.  <b>Тірек сөздер:</b> досы Сұлтан, қызық оқиғалар, ақкөңіл, өз-өзіне есеп беру, құпия кеңес, қаулы шығару</p>	<p>3-топ Сұлтан</p> <p><b>Топтық жұмыс. «Образды ашу» кестесі бойынша орындалады.</b>          1-тапсырма. Шығармадан кейіпкердің портреті мен маңызды екі іс-әрекетін жазып кейіпкер образын ашады.  <b>Ерекше қажеттілігі бар оқушы</b> суреттер топтамасы мен сөз тіркестері арқылы кейіпкердің портреті мен маңызды екі іс-әрекетін жазады. Кейіпкер образын ашады.  <b>Сөз тіркестері:</b> секпіл бет сары бала, әсем қолаң шашы, қызыл галстук, сары портфель, көк көз, өлең жазады, сабан тойға барады, жеңеді, қымыз береді, алданып қалады</p> <p><b>Дескриптор:</b>          -кейіпкер портретін жазады          маңызды екі іс-әрекетін анықтайды:          -бірінші әрекет          -екінші әрекет          -кейіпкер образын ашады.  <b>Жеке жұмыс.</b> 3-тапсырма. «Автор орындығы» әдісі арқылы орындалады.          Шығарманы көркем фильммен байланыстыра отырып, Қожаның образына қатысты өз көзқарасыңды жазыңыз</p> <div data-bbox="735 1727 1129 1877" style="border: 1px solid black; height: 67px; width: 247px; margin: 10px 0;"></div> <p><b>Ерекше қажеттілігі бар оқушы</b> берілген тірек сөздерді қолдана отырып, Қожаның образына</p>	<p>Топ дескриптор арқылы бірін-бірі бағалайды</p> <p><b>Дескриптор:</b>          - Кейіпкер портретін жазады          Маңызды екі іс-әрекетін анықтайды:          - бірінші іс-әрекет          - екінші іс-әрекет          - кейіпкер образын ашады.</p> <p><b>Бағалау.</b>          «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша оқушылар «Автор орындығында» отырған оқушыны бағалайды.</p> <p>..</p>	<p><a href="https://yandex.kz/video/preview/?text=менің%20атым%20">https://yandex.kz/video/preview/?text=менің%20атым%20</a></p>
----------------	---	---	--	--

		қатысты өз көзқарасын жазады. <b>Тірек сөздер:</b> досы Сұлтан, қызық оқиғалар, ақкөңіл, өз-өзіне есеп беру, құпия кеңес, қаулы шығару		
<b>Бекіту</b> 5 минут	<b>Рефлексия парағы</b>  <b>Үй тапсырмасы.</b> Қожа мен Жантасқа салыстырмалы мінездеме беру	Оқушы рефлексия парағын толтырады. Сабақтағы жетістіктерім... Оның себептері... Сабақтағы кемшіліктерім... Оның себептері... <b>Үй тапсырмасы.</b> Қожа мен Жантасқа салыстырмалы мінездеме береді	Мадақтау	
	<b>Қосу, алу, қызықты</b>	« <b>Қосу, алу, қызықты</b> » әдісімен сабаққа кері байланыс береді. Плюс-оң әсер еткен фактілер Минус-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз Қызықты-қызығушылық тудырған деректер мен әдістерді жазады		



**Наркулова Эльмира Жексенбаевна**  
Қарағанды облысы білім басқармасының  
Приозерск қаласы білім бөлімінің  
«№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі

**Бастауыш сынып оқушылары бойында азаматтық,  
патриоттық және әлеуметтік белсенділік қасиеттерін тәрбиелеу**

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы жазушымыз М.Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбиелеу тәсілдері мен тәжірибелері көп.

Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеудің арқауы. Адам бойына азаматтық-патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алады. Сәбиді отбасында патриоттыққа тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту–ата-ана парызы. Бастауыш сыныптардағы оқушылардың патриоттық

сезімін дамытуды мұғалім іске асырады. Оқушылардың бойына патриоттық сезімдерді, өз Отаны туралы түсініктерімен бірінші сыныпқа келгеннен бастап қалыптастырамын. Оларға өзі тұратын жерінің ауа-райын, қаласының аты-жөнін, оның жерлерін, тарихи орындарын үйретемін. Әдістемелік талаптарға сай ұйымдастырылған екі-үш серуеннен кейін оқушылардың өз туған жері туралы түсініктері бекіп, оған деген сүйіспеншілік сезімі артады.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, іске назар аударып жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады. Оқушылардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыруда әдебиеттік оқу материалдарын пайдаланудың маңызы зор. Әдебиеттік оқу оқулығын саралау барысында патриоттық тәрбиеге қатысты көптеген материалдар Отанға, елге, жерге арналған. Оқулықта берілген әрбір тараудан кейін тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, түрлі сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Осының барлығы бастауыш сынып оқушыларында патриоттық тәрбиені қалыптастырады.

Мен өз тәжірибемде балаларға ел сүйгіштік, ата-ананы сүйу, Отанды сүйу мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткіздім. Бұл әңгіменің барысында балалар өздерінің оқыған шығармаларын атады. Әдебиеттен мысалы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» т. б. шығармаларын атап көрсетті. Патриоттық тақырыпқа оқыған шығармаларынан І. Есенберлиннің «Көшпенділер», М. Мақатаевтың өлеңдерін атап өтті.

Жалаң сөз болмау үшін осы мақсаттар жолында істелініп жатқан, атқарылып отырған шараларға тоқталып өтсем деп едім. Осының дәлелі ретінде жуырда өзім дәріс беретін 4 «Ә» сыныбында тәрбие сағатын өткіздім.

Тәрбие сағатын «Отаным менің, байтақ өлкем» деп атадым, оған сыныптың оқушылары түгелдей ат салысты. Тәрбие сағатындағы негізгі басты ұстанған бағытымыз-балаларды Отансүйгіштікке, елжандылыққа, еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жас ұрпақты Отансүйгіштікке, патриоттыққа баулу.

Ең бірінші кезекте балалардың санасына Отаншылдық сезім қалыптастыруға бағыттадым. Отан деген ұғым балаға жарық дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын-туыстары, туған жері, кең-байтақ гүл жазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі. Азаматтың – Отанға, халыққа деген жоғары адамгершілік парызы. Отаныңмен, халқыңмен мүдделес екеніңі мақтаныш сезімің, достығың, жолдастығың, бірлігің көкірегіңді кернеп тұрса – патриотсың. Патриотизм ұғымын талдай келе оқушылар «патриотизм» әуел бастан-ақ туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеген. Бұл патриоттық сезім ерте заманнан –ақ қалыптасқан. Мұның терең мағынасына «ұлтжандылық» жатады. Тәрбиенің басым бағыттарының бірегейі-болашағымызды баянды ету хақ мұраттары бар мәңгілік ел идеясына негізделген –патриоттық тәрбие болуы керек деп санаймын.

Тағы да сыныбымда «Ақ дидарлы, ару Астана» тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді. Эстетикалық тәрбие ала отырып, оқушылар бойында Отаны үшін мақтаныш сезімі, Отанына адал еңбек ету құлшынысы пайда болды. Сабақта Астана туралы слайдтар көрсетілді, олар Астана туралы әнмен көркемделді. Астананың гүлденуімен қатар, Елбасымыздың Астанамыздың гүлденуіне қосқан орасан зор үлесі атап көрсетілді. Астананы көрген оқушылардың алған әсерлері тыңдалды.

«Еліміздің туын желбіреткен қазақстандық спорт тарландары» тақырыбындағы тәрбие сағатында азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбиесі іске асты.

«Үш тұғырлы тіл» байқауы да оқушылардың танымдылығы мен дамытушылығын арттыра қоймай, патриоттық сезімдерін оятты.

«Азиада аламаны» тақырыбындағы тәрбие сағаты да оқушылардың бойында спортқа деген қызығушылығын арттырып қана емес, олардың патриоттық сезімдерінде дамытты деп ойлаймын.

Оқушылардың патриоттық сезімін арттыру мақсатын көздеген тәрбие сағаттарында әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып өткізу тиімді. Интерактивті тақтаны қолдана отырып, оқушыларды жай тыңдаушы ғана емес, сол тәрбие сағатын өткізуге үлесін қостырып, ал ол үшін қосымша материалдар оқып, іздеп, оны жолдастарына жеткізе білуге баулу, өз еңбегінің үлесі бар екенін сезіндіру мақсаттары тәрбие жұмыстарында көптеп орын алды. Сол себепті тәрбие сағаттарында оқушылар жай тыңдаушы ғана болмай, белсенділік қабілеттерін, ізденімпаздық қабілеттерін арттыра алады.

Отбасы-адамзат қоғамның ең шағын бейнесі. Кішкентай бала сәби кезінен ата-ананың сөздерін естіп, бойына сіңіріп, олардың істерін бақылап жатады. Жас өспірімге тәлім-тәрбиені көркем әдебиет шығармалары арқылы өзіне қабылдайды. Көркем әдебиет арқылы өз Отанына, өз халқына деген сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерінің құндылықтары қалыптасады. Қазіргі заманауи талаптарға сәйкес ата-аналар көркем әдебиет шығармаларын қолданбайды. Сол себепті «Кітап –алтын қазына» тақырыбында ата-аналарға тәрбие сағатын өткіздім.

Мақсатым: балаларды көркем әдебиет шығармаларымен таныстыру жұмысына ата-аналарды белсене қатыстыруға ынталандыру болып табылады. Сол мақсатқа жету үшін:

- Ата-аналармен сұхбаттасу арқылы көркем әдебиеттің бала тәрбиесіне атқаратын рөлі басым екеніне көздерін жеткізу.

- Жас өспірімдердің бойында адамгершілік құндылықтарды дамыту мақсатында көркем әдебиет шығармаларын оқуға кеңес беру болатын.

Нәтижесінде ата-аналардың көркем әдебиет шығармаларды оқуға деген қызығушылығы оянды. Одан әрі балалардың кітап оқу пайдасы жайлы өз ойларын ортаға салды.

Оқушыларды мектептегі өзін-өзі басқару, мерекелер мен түрлі шараларды ұйымдастыруға қатыстыру арқылы елжандылыққа баулып, азаматтық тәрбие беруге болады. Сонда олардың бойында ізгілік, жауапкершілік артып, өз ықтиярымен іс атқаруға даяр бола бастайды. Олар әрқайсысының отбасысы туралы, олардың мұқтаждары мен қарым-қатынастары, істері жайлы біліп, бір-біріне көмек береді. Осылайша оқушылар ұжым арқылы әлеуметтік жақсылықтарға қол жеткізіп, бір-бірімен достық қатынасты дамытады. Осындай жұмыстарымыздың бір дәлелі ретінде Халықаралық «Мен зерттеушімін» байқауы шеңберіндегі бастауыш сыныптар арасында өткен облыстық фестивальға белсене қатысқаны үшін Нұрсейт Еркебұлан мен Хажина Жанэль марапатталды.

Тағы да бір оқушым Хажина Жанэль «Күнбағыстың пайдасы мен зиянын анықтау» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізуді ұйғарды. Бұл жобада күнбағыстың зияны мен пайдасына, ерекшеліктеріне жалпы шолу жасай отырып, күнбағыстың үй жағдайында өсуін бақылады. Осы ғылыми жобаны зерттей келе, 3 сыныпта облыстық деңгейіндегі байқауда Хажина Жанэль «Зерде» X Республикалық конкурсының аймақтық кезеңінде валеология пәні бойынша екінші орынға ие болды. Осы зерттеу жұмысын 4 сыныпта жалғастырып, облыстық деңгейде бірінші орынға ие болды. Өзінің алға ұмтылып келе жатқанын көрсетті. Осы жобаны зерттей келе Республикалық «Зерде» XI конкурсынан III дәрежелі дипломмен марапатталды. Оқушылардың арасынан зерттеу жұмысына талпыныстар көбейді. Атап айтсақ: Қанағат Аяулым «Асқабақ» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіп, мектепшілік III орынға ие болды. Ал Шабден Алихан «Жалбыз» тақырыбында зерттеп,

I орынға ие болды. Осы зерттеу жұмыстары арқылы оқушыларының азаматтық белсенділіктері дамиды.

Менің ұсынысым: жас ұрпақтың, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларын азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең-жырлар, мақал-мәтелдердің әсері мол дегім келеді. Мақал-мәтелдің түпкі мағынасы адамдарды Отаншылдыққа тәрбиелеуге көп әсер етеді. Әсіресе мектепте бастауыш сынып оқушыларына көптеп қолдану, әрбір сабақта Отанына деген сүйіспеншілігін, патриоттылығын арттыру үшін мақал-мәтелдерді жаттатқызып, айтқызып жарыстыру керек. Мысалы:

*Туған жерге туың тік.*

*Туған жердей жер болмас,*

*Туған елдей ел болмас.*

*Өз елім - өлең төсегім.*

*Туған жердің күні де ыстық,*

*Түні де ыстық.*

*Отан – оттан да ыстық.*

Отан сүйгіштікке тәрбиелейтін мақал-мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Оның жас балалар үшін пайдасы мен атқаратын рөлі зор. Мысалы, «Ит туған жеріне», «Өз елім өрен төсегім» т.б. мән – мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнісін түсіндіре отырып, бала тәрбиесінде кең пайдалансақ, көп нәтижеге жетеміз. Осының дәлелі ретінде екінші-төртінші сыныптар арасында «Менің Елбасым» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Осы сайысқа қатысқан Шиналиев Асхат оқу мәнерімен өзге сыныптардың көбінен озып шығып, үшінші орынға ие болды. «Бала білімімен марапаталады» тақырыбында қалалық газетке «Приозерск вестникке» оқушылардың жетістігі туралы мақала жазып шығардым.

Оқушы-өздігінен ізденетін, шығармашылық әрекеттер жасайтын жеке тұлға дей келе, менің оқушыларым ізденіп, талпынып қалалық «Приозерск вестник» газетіне шығармаларын жариялады. Атап өтсек: «Көктем келді», «Менің анам», «Ана», «Әкелер мерекесі», «Әке», «Жан әке», «Біздің сынып», «Приозерск қаласы», «Жаз», «Жаз мезгілі», «Достарым көп» т.б. Оқушылар өздерінің жазған шығармалары арқылы өз бойларында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, қоғамға қатысты проблемаларды түсіне бастайды. Сонымен бірге өздеріне деген сенімділіктері арта түседі. Негізінен ертегілер оқушылардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, халқын қорғауға және өнерді игеруге, ел қорғаны болуға уағыздайды. Мысалы, «Ер-Төстік» ертегісі. Ертегілерде батырлардың түр тұлғасын «жауырыны қақпақтай, бұлшық еті бүлкілеп, алысканды алып ұрар» т.б. сипаттамалар арқылы суреттеу көптеп кездеседі.

Қорыта айтқанда, оқушылармен осы жоғарыда баяндалғандай тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, оқушының көкейіне осындай іс - әрекеттерімен ой сала білсек, үлгі көрсетсек заманға сай, қоғамға керекті азамат отансүйгіш, елсүйгіш азамат елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз. Мектепке келген баланың отбасында бойына сіңірген мейірімділік, сүйіспеншілік, бауырмалдылық секілді қасиеттерін одан әрі шыңдап, соның негізінде патриоттық сезімді оята білу үшін жүйе бойынша белгіленген нақты іс-шараларды аса шеберлікпен үйлестіріп жүргізу керек.

Оқушыларды өз елін, туған жерін қорғауға және оны сүйуге баулып, оларға сонау Абылай бабамыздан бастап кешегі желтоқсанға дейінгі азаттық үшін алысқан ұлы тұлғалардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлік істерін ұғындыру мақсатында елтану материалдарын, белгілі қоғам қайраткерлерінің өмір деректерін көптеп қолдану елжандылық сезімдерін тереңдететіні сөзсіз.



**Бердимуратова Сулухан Аманкелдиевна,  
Жакуова Қуанышгул Абдикадировна.**  
Қарағанды облысы білім басқармасының  
Приозерск қаласы білім бөлімінің  
«№1» жалпы білім беретін мектебі» КММ  
бастауыш сынып мұғалімдері



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиенің негізі ретінде дәстүрлі құндылықтарға тарту**

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...», - дейді ақын М. Жұмабаев, сондықтан да әрбір рухани құндылықты бойына сіңіре білген мұғалімдер қауымы халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерешеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын ұлттық тұрғыдағы ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан асыл рухани құндылықтарды жас ұрпаққа үлкен тағылым етіп дарытуы қажет.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында қандай ұлтты алмайық, оның сипаты бес қағидадан құралатынын жақсы білеміз.

- Олар: 1. Халықтың тілі;  
2. Халықтың діні;  
3. Халықтың дәстүрі;  
4. Халықтың тарихы;  
5. Халықтың атамекені.

Бұл құндылықтар адам санасында сезім арқылы орын алғандықтан, оған тәуелді болмайды. Керісінше, өмір жолында игеріп, тұлға ретінде өз ұлтының құндылығын сыйлай түседі. Демек, әрбір өскелең ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып есептеледі.

Жазушы, педагог, қоғам қайраткері Ж. Аймауытов қазақ елінің қастерлеуге болатын ұлттық рухани құндылықтарын паш етуден жалықпаған. Ол өз сөзінде: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді!», - дейді. Мұнда үлкен тәрбиелік мән жатыр... Өйткені, бұл ғибратты сөзден адамның қайдан, қалай және қайда бара жатқанын білуі байқалады. Адамның рухани мықты болуы да халықпен кіндік қаны арқылы байланғанын көрсетеді.

Біз қашықтан оқытуға дейін үнемі баланы жүзбе-жүз отырып, сабақ, тәрбиелік сағаттарда кез келген тақырыпты талқылап, рухани құндылықпен бірге өсуіне мүмкіндік жасап, бала санасының халқым деп қалыптасуына ықпал жасадық.

Әлемде тараған аурудың салдарынан мектеп қабырғасындағы білім беру бағыты қашықтықтан жүргізіліп, монитор алдындағы оқушыны тек біліммен ғана сусындатып қана қоймай, әр балада тұлғалық маңыздылықты басты тәрбиелік нысана ретінде қарастырып, тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері: рухани және адами қасиеттері, сонымен қатар моральдық нормалары мен ұлттық құндылықтарды жоғалтып алмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан, адамның адамдық қасиетін бекітіп, қазақы дүниетаным мен тағылымдық ұлағатты ұлттық ойын, әдеби ертегі, ұлттық болмысты бейнелейтін жырларды жаттатуға ден қойғанбыз.

«Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым», деп деп жар салған Сырым Датұлының да сөздері ұлтына деген сүйіспеншілігін айқын көрсетумен қатар қазақ халқының қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесіне ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы оның халқында деп қарағандығын байқатады.

Бала атаулының айналаны қабылдаудағы зейінін үш пен бес жас аралығы екенін ескерте келе, мектепке дейінгі жас баланы жұрт қатарлы азамат болуға, адамгершілігі асып түсетін тұлға етіп тәрбиелеуге ден қойған

Ғасырлар бойы қазақ отбасында және мектепке дейінгі баланың тәрбиесін халықтың рухани-интеллектуалды мұралары, мәдени құндылықтары жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отырған мәселе. Осы айтылғандардың толыққанды іске асуы үшін отбасы мен балабақша, мектеп тәрбиесі арасындағы ынтымақтастық, тығыз байланыс қажет. Бала тәрбиесіндегі осы байланысты жүзеге асырудың дәнекерлеушісі, әрине мұғалім.

Бала бойына патриотизм – кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады деп түсіндірген Н. Назарбаев «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - дейді. Бұл бастама аясында қолға алынған жоба қазақстандықтарды туған өлкесін дамытуға тартуды, жергілікті жерлердегі әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен азаматтық қоғамды жұмылдыруды мақсат етеді. Бұл бастама аясында Елбасы қолға алынған жоба қазақстандықтарды туған өлкесін дамытуға тартуды, жергілікті жерлердегі әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен азаматтық қоғамды жұмылдыруды мақсат етеді. «Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» деген Елбасының пікіріне сүйене отырып, жас ұрпаққа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие беруді жүйелі жүргізу арқылы терең бағдарламалық мақалалардағы идеяларды іс жүзінде жүзеге асыра аламыз.

Патриотизм дегеніміз – әр азамат өзін осы елдің төл баласы нағыз азаматы ретінде сезінгенде пайда болатын сезім. Қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-балаарымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру жиынтығы. Демек, тәрбиелік мәні бар сынып сағаттарында еліміздің тәуелсіздігін, тыныштығын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарап, әнұранын асқақтата мақтанышпен жігерленіп айтатын балаларды жігерлі етіп тәрбиелеу. Қолы бос уақыттарына кесте жасап, саяхатқа табиғатқа шығару, қарияларға көмектесуді ұйымдастырып отырамыз. Мектеп жасына дейінгі бала үшін бұл үлкен мақтаныш пен жауапкершілікті сезіну.

Мектепке дейінгі тәрбиеде бүлдіршендеріміздің бойында ел болашағына өз үлесін қосуға дайындығын жылдамдатады. Бірақ мұндай рухани-патриоттық сезімді өзің сезініп барып, өз еліне деген ыстық ықыласын еркін ойлау арқылы жеткізуге бағыттауды мақсат тұттым.

Әрқашанда мектепке дейінгі тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оның жан-жағына деген ықыласын, мейірімін, қайырымдылығын, сондай-ақ құнды адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, өз-өзіне деген сенімділігін арттыра түседі. Жеңіс күндерінің мерекесіне орай, балаларға арналған іс-шарада батырлардың ролін ұлы сезіммен орындап шықты.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналаған әдеби Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов. Т. Бигельдинов секілді біртуар азаматтарымыздың туындылары мен өмірбаяндары жайлы шығармаларын бастауыш, жоғары сынып оқушыларының оқуында тыңдап, танысып, өздері де баяндап үйренді.

Мектебіміздегі ашық есік күндерінде жаттаған өлеңдерін айтты. Отанын, елін, жерін сүйетіндігін шағын суреттермен бейнелеуге үйренді.

Рухани мұрамызды осы күнгі ғылым деңгейіне, оның төңірегіне топтастырып, жүйе-жүйесімен талдауға алсақ, бұлардың өзіндік сыр-сипаты айқындала түседі. Өйткені, шығыс ғұламалары: «Болашаққа жоспар құрсаң, баланы тәрбиеле» деп бекер айтпайды. Ертеңгі күні ел тізгінін қолына алар ұрпақты музыка тыңдатып, кинофильмдерді көрсетіп, патриоттық рухта тәрбиелеуге ден қойып, мектеп жасына дейінгі балаларға еңбексүйгіштік, адамгершілік пен қазақтың салт-дәстүрлері қандай болатынын алдын ала түсіндірсең, ұмытпай өседі.

Қазақ фильмдерін көргенде ондағы күйлер, бата мен мақал-мәтелдердің мәнін ұқтыру, асық, ақсүйек, тоғызқұмалақ ойындарының пайдасы, наурызда киетін ұлттық киімдер мен әшекейдің әдемілігі, тарихы, кең дала табиғаты, ою-өрнектердің тұскиіздерде бейнеленуі жайлы айтып баяндап беру де мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін ашып, Қазақстан тарихымен ерте танысуына мүмкіндік береді.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», - деп туған жер мен ана тілінің қадірін білген ержүрек, батыр, аты аңызға айналған жазушы Б.Момышұлы өз ана тілінің қасиетін терең ұғынып, тілді нағыз рухани құндылық деп санайды. Қазақ тілі өзінің шешендігімен тарихы тереңде жатқанын, қазақ тілінің мәртебесі биік екендігін орыс ғалымдары да талай дәлелдеген. Оған тағы да бір дәлел: П.М.Мелиоранскийдің: «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің шебері. Қазақтардың халық әдебиеті аса-бай әрі жан-жақты тіл», - деп ағынан жарылуы рухани құндылығымызды аса дәріптеуі еді. Сонымен қатар, қазақтың жанашыр досы Г.Н.Потанин: «Қазақтың даласы ән салып тұр. Қазақтың алты жасар баласынан алпыс жасар қартына дейін жанынан өлең шығарады. Шешендік өткір тілімен сөйлей біледі», - деп рухани құнды мұрамыз – тілімізге деген мақсатын сөзді жеткізуі – ұрпақ алдындағы мақтанышымызды асырып, ұлтымыздың болашағы – тілімізді шұбарламай, тап-таза күйінде сақтауды меңзеп тұрғандай.

Жас ұрпақты азаматтық, патриотизм, рухани құндылықтарға толы позицияда тәрбиелеу үшін өз ұлтыңды сүюің керек. Өз ұлтың – өз Отаның! Ұлтты сүю – Тіліңді қастерлеу!

Ұлтыңды сүю – Тарихыңды қастерлеу! Ұлтыңды сүю – Мәдениетіңді құрметтеу сияқты адамгершілік құндылықтармен өлшенетін қасиет екенін ұмытпау керек.

Тәуелсіз еліміздің ертеңі – өскелең ұрпақтың рухани байлығы. Мектепке дейінгі балаларға заманауи біліммен қатар ұлттық дәстүрлі тәлім-тәрбие беру арқылы біз өзіміздің өзге ұлтқа ұқсамайтымызды, сондай-ақ, ойлау қабілетімізді, дүниетанымымызды қорғау мақсатында ұжым педагогтері магнитті мектеппен жоспар бойынша тәжірибе алмасып, іс-шаралар өткізеді. Жүйелі түрде мектебімізде тәрбие жұмыстары да жүзеге асады. Өткізілетін іс-шараның нәтижесі – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиенің негізі ретінде дәстүрлі құндылықтармен қамтамасыз етіп, Отанын сүйетін, салт-дәстүрін білетін, тілін жанындай жақсы көретін баланы саналы түрде тәрбиелеу.



1-сурет



2-сурет



3-сурет





4-сурет



5-сурет

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 2017 жыл 24 сәуір.
2. «Қазақстан тарихы»: әдістемелік журнал. №11, 2017 ж.
3. А.С.Мухина Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы. 1987 ж.
4. «Бала мен балабақша» журналы №3, 2015 ж.



**Нұрманбек Айдын**

Алматы қаласы,  
Эмили медициналық колледжі  
Жалпы кәсіптік пәндер  
ЦӘК төрайымы, биология пәні мұғалімі

**Жасыл балдырлар**  
*Қысқа мерзімді жоспар*

<b>Сабақтың проблемасы</b>	Жасыл балдырлардың тірі организмдер үшін маңызы қандай?	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	Жасыл балдырлардың маңызын анықтау	
<b>Сабақтың міндеті</b>	<b>Білім:</b> Жасыл балдыр туралы толық ақпарат алу <b>Білік:</b> Жасыл балдыр маңызын түсіну <b>Дағды:</b> Жасыл балдырды өз өмірімізде қолдану	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Хломидоманада, Хлорелла, Хлорококк, Хроматофор, Хлорофилл, Улотрикс, Ульва	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Топта, жұпта бірлесе жұмыстана отырып өзгеге құрметпен қарау, СТО дағдыларын дамыту, ынтымақтастықты қалыптастыру.	
<b>Пән аралық байланыс</b>	Химия, экология, физика, медицина	
<b>САБАҚ БАРЫСЫ</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңі</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 1 мин	<b>Ұйымдастыру</b> 1. Оқушылармен амандасу. Жағымды ахуал қалыптастыру. 2. Балдырлардың түсі бойынша 4 топқа бөлу	

3 мин	3. Оқу мақсатымен таныстыру. <b>Балдырлар туралы видео көру</b> <a href="https://www.youtube.com/watch?v=uupXaKTberw">https://www.youtube.com/watch?v=uupXaKTberw</a>	Ютуб каналы												
Сабақтың ортасы 15 мин	<p><b>1.Пәнаралық байланысты негіз ете отырып, оқушыларда жасыл балдырлар тақырыбын кеңінен ашу</b></p>  <p>1) <b>Физика және Астрология.</b> Мысалы, хлорелла ғарыш кемелерінде және атомдық суасты қайықтарында оттегі қалпына келтіретін және тамақ пен суды өңдейтін организмдер ретінде қолданылады.</p> <p>2) <b>Экономика.</b> Жасыл балдырлардың әсерінен дамып жатқан бизнес-проектілердің экономикасын салыстыру (фармацевтика, бояу, тыңайтқыштар және т.б )</p> <p>3) <b>Мәдениет.</b> Мәдениет тобының өкілдері суретші немесе аспазшы болуы мүмкін. Оқушылар өз өнерлерін тақырыппен байланыстырып көрсетеді.</p> <p>4) <b>Ғылым.</b> Бұл бөлімде жасыл балдырларды анатомиялық-морфологиялық құрылысын, экологиялық жағдайы, географиялық орны, химиялық құрамы және т.б бойынша тапсырма орындайды. (ақыл картасы бойынша )</p> <p><b>2. Сергіту сәті «Екі шындық, бір өтірік»</b> Оқушылар жұптасып, бірінші адам өзі туралы үш факт айтады. Екінші адам ол адамға сай келмейтін фактті табуы тиіс. Бұл оқушылар бір-бірін жақын тануға көмектеседі.</p> <p><b>3. STEAM технологиясы арқылы тақырыпты бекіту</b></p> <p><b>а) Science</b> Жасыл балдырлардың анатомиялық – морфологиялық сипаттамасы</p> <p><b>б) Engineering</b> Жасыл балдырларды салыстырмалы түрде кестеге түсіру</p> <table border="1" data-bbox="343 1870 1236 2049"> <thead> <tr> <th>Түрлері</th> <th>Анатомиясы</th> <th>Маңызы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>хлорелла</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>хламидомонада</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>хлорококк</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Түрлері	Анатомиясы	Маңызы	хлорелла			хламидомонада			хлорококк			Интернет желісі
Түрлері	Анатомиясы	Маңызы												
хлорелла														
хламидомонада														
хлорококк														
5мин														
8 мин														
1 мин														

	спирогира			
	улотрикс			
	ульва			
<b>c) Art</b> Мәдениет тобының өкілдері жасыл балдырларының алуантүрлілігін сурет арқылы көрсету				
<b>d) Mathematics</b> Сандар сөйлейді: 6, 7; 15000; 5; 178; 700; 90; 400-500				
<b>e) Technology</b> Jamboard тақтасы арқылы әр оқушысы бүгінгі сабақтан алған жаңа мәліметтерімен бөлісу <b>ҚБ:</b> «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісімен топтық өзара бағалау. <b>Кері байланыс.</b>				
				
<b>Күтілетін нәтиже:</b> Жасыл балдырлардың маңызын білу, оны өмірде қолдану <b>Үй жұмысы:</b> Жасыл балдырлар				

[https://jamboard.google.com/d/1RakWS7gGXIXAPBs\\_Cw-e4QgMzWHP--7tsNoX555G7Vg/viewer?f=0](https://jamboard.google.com/d/1RakWS7gGXIXAPBs_Cw-e4QgMzWHP--7tsNoX555G7Vg/viewer?f=0)

**Айтмуратов Заманбек Сагдуллаевич**  
**Едресова Меруерт Асылхановна**  
**Жаксылык Арайлым Серикқызы**  
**Зиноллаева Ақжан Нурсейтовна**  
преподаватели медицинского центра  
"ЭМИЛИ" ЦМК ОПД

**I. Тема: Введение. Предмет и задачи медицинской биологии и генетики, этапы развития. Уровни организации живого. Фундаментальные свойства живого. Типы клеточной организации**

**II. Количество учебных часов:** \_\_\_\_\_ 90 мин (2-х часовое) \_\_\_\_\_

**III. Методика проведения:** \_\_\_\_\_ объяснительно-иллюстрированный \_\_\_\_\_

**IV. Мотивация изучения:** Анатомия - наука о формах и строении, происхождении и развитии человека. Анатомия предусматривает систематическое описание формы, строения, положения и топографических взаимоотношений частей и органов тела с учетом

возрастных, половых и индивидуальных особенностей. Анатомия является дисциплиной, составляющий фундамент медицинских знаний.

Физиология - наука о механизмах жизнедеятельности здорового человека. Оставаясь дисциплиной доклинического медико-биологического образования, физиология все в большей степени приближается к практическому здравоохранению.

Прямое изучение организма здоровых людей позволит будущим специалистам быстрее приобщиться к овладению клиническими методами исследования.

## **V. Цели обучения:**

### **1. Учебная:**

- знать основные направления анатомии и физиологии;
- владеть знаниями о строение организма человека и их функции;
- движение в трех плоскостях всех суставов и мышц;
- владеть знаниями о газообмене;
- строение стенок органов пищеварительной и дыхательной системы их функции.

### **2. Воспитательная:**

- создать условия, обеспечивающие воспитание интереса к будущей профессии «Медицинская сестра общей практики», «Фельдшер»;
- способствовать развитию творческого отношения к учебной деятельности;
- обеспечить условия для воспитания положительного интереса к изучаемому предмету «Анатомия и Физиология»;
- формирование мировоззренческих понятий, причинно-следственных связей, раскрытие роли анатомии и физиологии как фундаментальная наука медицины;
- воспитывать культуру умственного труда;
- создать условия, обеспечивающие формирование у обучающихся навыков самоконтроля;
- создать на занятиях условия, обеспечивающие воспитание аккуратности и внимательности при выполнении работ с применением макропрепаратов, тематических плакатов, муляжи и т.п.
- способствовать воспитанию бережного отношения к организму человека;
- создать условия, обеспечивающие воспитание стремления соблюдать правила безопасного ведения работ;
- воспитывать умение слушать, умение работать в группах.

### **3. Развивающая:**

- развивать культуру речи, логическое мышление;
- обеспечить условия для развития умений грамотно, четко и точно выразить свои мысли;
- продолжить развивать умения выделять главное, самостоятельности в приобретении знаний и познавательного интереса;
- знать виды костей;
- владеть навыками работы с макропрепаратами и муляжами;
- характеризовать основные функции органов «Миологии», «Дыхательной системы», «Пищеварительной системы»;
- способствовать развитию умений учащихся обобщать полученные знания, проводить анализ, синтез, сравнения, делать необходимые выводы;
- формировать умения сравнивать, классифицировать, обобщать, извлекать необходимую информацию из разных источников.

## **VI. Место проведения:** Медицинский центр «Эмили», №318 учебный кабинет

## **VII. Межпредметная связь:**

### **Биология:**

- «Основные этапы обмена веществ, особенности процессов клеточного дыхания, автотрофы и гетеротрофы»;
- «Размножение и развитие организмов»;
- «Структурно-функциональное строение млекопитающих»;
- «Общие закономерности постэмбрионального развития. Механизмы онтогенеза. Особенности репродукции человека. Охрана репродуктивного здоровья человека. Основы геронтологии»

### **Латинский язык:**

- «Введение. Фонетика. Правила постановки ударения»;
- «Состав слова. Словообразование. Понятие о терминологических дублетах».

## **VIII. Внутрипредметная связь:**

- «Введение в предмет анатомия и физиология»;
- «Общая анатомия опорно-двигательного аппарата»;
- «Спланхнология. Общий план строения пищеварительной системы»;
- «Физиология пищеварительной системы»;
- «Анатомия и физиология дыхательной системы».

**IX. Оснащения занятия:** Тематические плакаты, макропрепараты, муляжи и мультимедийные обучающие программы.

## **X. Рекомендуемая литература:**

1. Рақышев А.Р. Адам анатомиясы, I,II том 2004
2. Рақышев А.Р. Адам анатомиясының атласы, I,II том. Алматы: «Кітап», 2006
3. Жұмабаев У., Әубәкіров Ә.Б., Досаев Т.М. ж.т.б. Адам анатомиясы, атлас. I,II, III, IV том. Астана: «Фолиант», 2005
4. Сапин М.Р., Никитюк Д.Б., Швецов Э.В. Атлас нормальной анатомии человека, 2-х томах. М.: «МЕДПресс-информ», 2006
5. Сапин М.Р. Анатомия человека, в 2-х томах М.: «Медицина», 2003
6. Гайворонский И.В. Анатомия и физиология человека: Учебник для мед. ВУЗов.,СПб.: «СпецЛит», 2004

## **XI. План и организационная структура занятия:**

1. Организационная часть - 5 мин.
2. I тур Эскулап -15мин.
3. II тур Гиппократ – 35мин.
4. III тур Панацея – 25мин.
5. Подведение итогов олимпиады с общей оценкой знаний команд согласно *оценке каждого тура* – 5 мин.
6. Награждение -5мин.

## **XII. Ход олимпиады:**

<b>№</b>	<b>Этапы олимпиады</b>	<b>Ход олимпиады</b>	<b>Оценка</b>
<b>1</b>	<b>Организационная часть</b>	- преподаватель приветствует обучающихся; - преподаватель проверяет готовность аудитории, кабинета и команд к олимпиаде; - объявляет тему, знакомит с целью и планом	-

		олимпиады; - знакомства с командами участниками и членами жюри; - вступительная речь от заместителя директора по учебно-методической работе Сиротиной Асмик Юриковне	
2	<b>I тур Эскулап</b>	Выполнение заданий в письменном виде, преподаватель раздает командам по 15 вопросов включающие темы «Остеология», «Синдесмология», «Миология», «Пищеварительная система» и «Дыхательная система». Обучающиеся выписывают ответы. Приложение №1	Один правильный ответ равен 10 баллам. Максимальное количество баллов 150.
3	<b>II тур Гиппократ</b>	На этом этапе будут заданы вопросы на 20/30/40/50 баллов. Жюри должно обратить внимание на полноту ответа на этом этапе. Если ответ будет признан правильным, будут выставлены соответствующие баллы. Если ответ на вопрос оценивается как неверный, то предоставляется возможность ответить следующей группе. Количество времени на вопрос – одна минута. Приложение №2	Команды получают баллы соответствующие заданию. Баллы 20, 30, 40 и 50.
4	<b>III тур Панацея</b>	На этом этапе один учащийся в группе должен полностью объяснить жюри скелетные кости. Жюри должны обратить внимание на то, что учащийся полностью ответил на поставленное задание. Количество отведенного времени – пять минут. Остальным членам группы выдаются немые рисунки на тему пищеварительной (Приложение №3) и дыхательной системам (Приложение №4), должны ответить письменно. Количество отведенного времени – пять минут.	Оценка проводится по критерию сто баллов.
5	<b>Подведение итогов олимпиады с общей оценкой знаний команд согласно оценке каждого тура</b>	Члены жюри подводят итоги всех туров олимпиады. Рассчитывают итоговые баллы команд участниц.	-
6	<b>Награждение</b>	Церемония награждения команд с наивысшими показателями, дипломами 1 категории, 2 категории, 3 категории и благодарственное письмо командам участникам. Также награждение в номинации «Лучший Анатом».	-

## 2. I тур Эскулап

Приложение №1.

### Ответьте на вопросы:

- 1) Назовите кости туловища?
- 2) Особенности первого шейного позвонка?

- 3) Позвоночник с широким телом и большим размером?
- 4) Назовите мышцу, отделяющую грудную полость от брюшной?
- 5) Мышца, расположенная между пястными костями ладони?
- 6) Самая сильная, самая крупная мышца шеи?
- 7) Количество суточной секреции желез брюшной полости?
- 8) Куда околоушная железа выделяет свой секрет?
- 9) Строение стенок органов пищеварительной системы?
- 10) Какой отдел пищеварительной системы расположен в полости малого таза?
- 11) Количество носовых ходов, расположенных в полости носа?
- 12) Хрящ гортани, состоящий из двух пластинок?
- 13) При каких обстоятельствах останавливается дыхание?
- 14) Делим тело человека в сагиттальной плоскости?
- 15) Шов, расположенный между лбом и теменными костями?

### 3. II тур Гиппократ

Приложение №2.

**Ответьте на вопросы по следующим разделам:**

#### «Остеология»


- 20 – Классификация костей:
- 30 – Назовите и покажите кости конечностей:
- 40 – Назовите и покажите кости грудной полости:
- 50 – Покажите и назовите отделы плечевой и бедренной кости:

#### «Синдесмология»

- 20 – Назовите и покажите непрерывные соединения костей:
- 30 – Как называется соединение лонных костей и опишите вид связи:
- 40 – Назовите основные и вспомогательные элементы сустава:
- 50 – Опишите коленный сустав, назовите структуры, и движение в плоскостях:

#### «Пищеварительная система»

- 20 – Назовите и покажите все сужения пищевода:
- 30 – Отличие толстого кишечника от тонкого:
- 40 – Органы пищеварительной системы, которые расположены интраперитонеально:
- 50 – Назовите структуру зуба



#### «Дыхательная система»

- 20 – Назовите и покажите основные мышцы, которые участвуют в акте дыхания:
- 30 – Укажите анатомическое образование, располагающиеся над левым главным бронхом:
- 40 – Назовите и покажите все синусы (пазухи) расположенные на черепе:
- 50 – Как мы знаем, воздух попадая в носовую полость подвергается изменению как согревание, увлажнение и очищение. Засчет чего это происходит?

**«Эрудиция»**

**20** – Что дают два раза бесплатно, а третий раз надо купить?

**30** – Между двух светил я в середине один:

**40** – В организме человека «спрятались» жители удивительного зоопарка. Каких животных или их частей мы можем отыскать в названиях органов, анатомических образований человека? Назовите любых пять образований, укажите их расположение.

**50** – Богиня Фетида, чтобы сделать своего сына неуязвимым, искупала его в волшебных водах реки Стикса в подземном царстве. Как звали её сына? Куда он был ранен у стен Трои? Какое анатомическое образование названо в честь сына Фетиды? Где оно находится и какую функцию выполняет?

**4. III тур Панацея**

*Приложение №3.*

**Назовите указанные структуры строения человека:**

*Приложение №4*

